Түркістан облысы, «Шардара» мектеп-лицейінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша атқарылған іс-шараларының мәліметі
2025-2026 оқу жылы

№	Іс-шара	Атқарылған жұмыс	сілтемесі
1	1 қыркүйек -Білім күні	"МЕНІҢ ОТАНЫМ -ҚАЗАҚСТАН" бірыңғай сынып сағаты. Түркістан облысы, Шардара ауданының білім бөліміне қарасты "Шардара" мектеп-лицейінде 1- қыркүйек "Білім күні" мерекесіне орай, "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында «Менің Отаным - Қазақстан!» тақырыбында 1-11 сынып оқушылар арасында мемлекеттік әнұранмен басталып, сынып сағаттары өткізілді 9 "А" сынып жетекшісі Г.Сахова, 7 "Б" сынып жетекшісі С.Жексенбаева өз сынып оқушыларымен «Менің Отаным - Қазақстан!» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Менің Отаным- Қазақстан. Әрбір адамға өзінің отбасы ыстық болса, Отаны да адам баласына сондай ыстық. "Отан үшін отқа түс күймейсің!"	https://www.facebook.com/share/v/1CBcin67oX/
2	Тілдер мерекесі	#ТілМерекесі #Полиглот #ШардараМектепЛицейі Тілдер мерекесі аясындағы «Полиглот» сайысы Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 5-қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері мерекесіне арналған онкүндік жалғасуда. 2025 жылдың 11 қыркүйегінде 6 «Б» және 7 «В» сынып оқушыларымен үш тілде «Полиглот» танымдық сайысы өткізілді. Іс-шараны ұйымдастырған орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жас маманымыз Тургунбаева Гүлчехра Кадиржановна оқушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі білімдерін шыңдап, көптілділікке деген қызығушылықтарын арттырды. Тіл – татулықтың тірегі, рухани байлығымыздың негізі!	https://www.facebook.com/share/p/1DXdnXeSih/
	15 қыркүйек отбасы күні	#Oqu_agartu_ministrligi_ #Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_ #Адал_азамат_	https://www.facebook.com/share/p/1FPzif8RJc/

		#Қыркүйек_ **#Еңбекқорлық_және_кәсіби_біліктілік_айы_** **#Түркістан_облысының_білім_басқармасы_** **#Отбасынан_артық_не_болуы_мүмкін_** **#Шардара_мектеп_лицейі_** Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 2025 жылдың 15 қыркүйек күні кітапханамызда «Отбасынан артық не болуы мүмкін» тақырыбында арнайы бұрыш ұйымдастырылып, отбасы құндылықтарына арналған кітаптар апталығы өткізілді. Бұл шараны мектеп-лицейіміздің кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан өз деңгейінде ұйымдастырып, ата-аналар мен оқушыларды кітап оқуға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге шақырды.	
4	**Ұстазыма тосын сый**	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы «Мұғалімдер күнін мерекелеу тұжырымдамасына» сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінде педагогтың қоғамдағы беделін арттыру, ұстаз мамандығының мәртебесін көтеру және ұстаздарға алғыс білдіру мақсатында онкүндік іс-шарасы бастау алды. 2025 жылдың 25 қыркүйек күні «Ұстазыма тосын сый» атты алғашқы шара аясында Аитураева Дана жетекшілігіндегі 11 «В» сынып оқушылары сынып жетекшісі Даниярова Дариға апайына жүрекжарды тосын сый жасады. Бұл іс-шара ұстазға деген шынайы алғыс пен құрметтің, ыстық ықыластың айқын көрінісіне айналды.	**https://www.facebook.com/share/v/1F3fGGvWVr/**
5	1 қазан – Халықаралық қарттар күні	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ата-бабамыздан келе жатқан асыл дәстүрді дәріптеу мақсатында тәрбиелік мәні зор іс-шара өтті. Кіші топ оқырмандарымен өткен бұл шараны кітапхана меңгерушілері Балжан Анарбаева мен Гүлбала Сейдуллаева ұйымдастырып, оқушыларға үлкенді сыйлау, картты құрметтеу, ата-баба аманатына адал болу жайлы тағылымды әңгіме өрбітті. Іс – шара жас ұрпақты қадірлі қарттарды ардақтауға, аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеуге арналды.	**https://www.facebook.com/share/v/14pfLd2yP87/**

		#Oqu_agartu_ministrligi_ **#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_** **#Адал_азамат_** **#Қыркүйек_** **#Еңбекқорлық_және_кәсіби_біліктілік_айы_** **#Түркістан_облысының_білім_басқармасы_** **#Шардара_ауданының_білім_бөлімі_** **#Қарттарым_асыл_қазынам_** **#ШардараМектепЛицейі** Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында «Қарттарым - асыл қазынам!» атты тақырыпта бастауыш сынып мұғалімдері тәрбие сағаттарымен сынып сағаттарын өз деңгейінде өтті. Ұстаздарды құттықтау сәтінен 4 «ә», 4 «в» сыныптар, жетекшілері Абиева Ұлбосын және Тулемисова Маржан әріптестеріміз өз деңгейінде ұйымдастырып өтті!	**https://www.facebook.com/share/p/18RYrgvYLn/** **https://www.facebook.com/share/v/1Er3M1ZChM/**
6	**Жас мұғалімдер жарысы!**	«Шардара» мектеп-лицейінде жас мұғалімдер арасында «Шынықсаң шымыр боласың» атты спорттық эстафеталық жарыс ұйымдастырылды. Жарыс ұстаздар қауымының салауатты өмір салтын насихаттап, бірлігін арттырып, көңілді әрі қызықты өтті. Спорт – денсаулық кепілі, шымырлық – жігерлілік пен сергектіктің бастауы!	**https://www.facebook.com/share/r/1Jyea5zs3S/**
7	**Ұстаздар күні**	«Ұстаздың еңбегі сөнбес!» «Шардара» мектеп-лицейінде Ардагер ұстаздардың қатысуымен «Ұстаздың еңбегі сөнбес!» атты тағылымды іс-шара өз деңгейінде өтті. Бұл жиында шәкірттер мен жас ұстаздар ардагерлердің өнегелі өмір жолынан үлгі алып, ұстаздықтың ұлы міндет екенін тағы бір мәрте сезінді. Ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі ұстаз еңбегі – мәңгілік!	**https://www.facebook.com/share/v/1D3bSxkSGs/**

		#Oqu_agartu_ministrligi_ **#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_** **#Адал_азамат_** **#Қыркүйек_** **#Еңбекқорлық_және_кәсіби_біліктілік_айы_** **#Түркістан_облысының_білім_басқармасы_** **#Ұстазым_ұлағатым_үлгі_өнегем_** **#Шардара_мектеп_лицейі_** «Ұстазым, ұлағатым – үлгі-өнегем» атты тәрбие сағаты 2025 жылдың 3 қазан күні «Шардара» мектеп-лицейінде 8 «Б» сынып жетекшісі Жексенбаева Салтанат әріптесіміздің ұйымдастыруымен Ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, ұлағатым – үлгі-өнегем» атты тәрбие сағаты өз деңгейінде өтті. Іс-шара барысында оқушылар «Ұстазым» әнін хормен орындап, «Тірі картина», «Болашақтағы ұстаз» атты көріністер көрсетті. Сонымен қатар, «Пән ұстазын тап» ойыны, жұмбақтар мен нақыл сөздер сайысы, экраннан смайликтер көрсету сынды қызықты сәттер көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. «Қыздар тобы» орындаған «Ұстаздарға тағзым» әні кештің әсерлі сәтіне айналды. Қазақтың ұлы ойшылы Абай атамыз айтқандай, «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» – ұстаз бойындағы ең асыл қасиеттердің көрінісі іспеттес. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, Салтанат әріптесімізге сәтті өткен іс-шарасы үшін алғыс білдіреміз! Ұстазға деген шәкірт ілтипаты! Бүгін мектеп-лицейіміздің бітіруші түлектері таңертең ұстаздарын мектеп алдында күтіп алып, ерекше сый-құрмет көрсетті. https://www.facebook.com/share/v/1DnFiXQsvB/ Бұл – шәкірттердің ұстаз еңбегіне деген ризашылығы мен алғысының шынайы көрінісі болды. Ұстазға тағзым – ұлт болашағына тағзым!	**https://www.facebook.com/share/p/1GQLBWS5cQ/** **https://www.facebook.com/share/v/1EjS9TVs5P/** **https://www.facebook.com/share/v/1DnFiXQsvB/**

8	**Түлектер алғысы, видеоүндеу**	Түлек алғысы – ұстазға құрмет! Шымкент қаласынан заңгер, мектеп-лицейіміздің 2004 жылғы түлегі Құлымбетова Раушан Бегімбетқызы ардақты ұстаздарына жүрекжарды алғысын білдіріп, арнайы видеоүндеу жолдады. «Ұстаз – мәңгілік шамшырақ. Бүгінгі жетістігіміз – сіздердің еңбектеріңіздің жемісі. Баршаңызға мың алғыс!» – деп ыстық ықыласын жеткізді. Бұл үндеу – ұстаз еңбегіне деген шәкірттік құрметтің айқын көрінісі болды! Шәкірттерден ұстазға жүрекжарды құттықтау! Ұстаздар мерекесіне орай 2005–2006 оқу жылының бітіруші түлектері сынып жетекшілері Есенбаева Алия апайға арнап арнайы құттықтау видеоүндеуін жолдады. Шәкірттері: Бекмуратова Фарида, Шырынбекова Гүлбану, Койлыбаева Перизат, Шамшиев Мейірбек, Есетов Мейржан, Қыдырбаев Берік, Шорабекова Меруерт, Муталханова Меруерт, Икрамова Айдана, Асылбекқызы Динара, Мусилова Аида, Мырзаханов Қуандық, Алайдарова Нұргүл, Сариева Айгерім, Жарқанатова Айгерім, Омарова Динара, Жорабекова Марал, Асықбеков Мұхтар, Кесікбаева Гүлбаршын, Батыров Ерлан, Маханова Патшайым, Байтұрсынов Бағдат, Жангиров Мұрат, Татыбаев Бахтияр. «Ұстаз – мәңгілік шамшырақ. Сіздердің еңбектеріңіз біз үшін әрдайым үлгі. Жүрекжарды алғысымызды қабыл алыңыздар!» – деп шәкірттер ыстық ықыластарын жеткізді. Бұл бейнеқұттықтау – ұстаз еңбегіне деген адалдық пен құрметтің айқын көрінісі болды. Ұстаздарға арналған құттықтау! Мектеп-лицейіміздің түлегі, Шардара қаласының әкімі Айдосов Олжас Қалмаханбетұлы барша ұстаздар қауымын мерейлі мерекелерімен құттықтады. «Ұстаз – адам жанының сәулетшісі. Білім мен тәрбиенің шырағын жағып, өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар беріп жүрген әрбір ұстазға шексіз алғысымды білдіремін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!» – деп жүрекжарды лебізін жеткізді. Бұл құттықтау – шәкірттің ұстазға деген ыстық ықыласы мен құрметінің айқын көрінісі болды.	**https://www.facebook.com/share/v/14pfLd2yP87/** **https://www.facebook.com/share/v/18jBZX43dd/** **https://www.facebook.com/share/v/1JjGhgHohb/**

		«Шардара» мектеп-лицейіміздің мақтаныш түлектері Лесбай Сауле, Дана Сембайқыздары ұстаздар қауымына жүрекжарды алғыстарын жолдады. «Ұстаз – ұрпаққа бағыт беріп, болашақтың шамшырағын жаққан ұлы тұлға. Бізге білім беріп, тәрбиелеген ұстаздарымызға шексіз ризашылығымызды білдіреміз!» – деп, ыстық ықыластарын жеткізді. Бұл алғыс – шәкірт пен ұстаз арасындағы мәңгілік байланыс пен құрметтің айғағы болды.	**https://www.facebook.com/share/v/1bfLceHdkC/**
9	**«Менің мектебім — буллингке қарсы!»**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейінде әр баланың қауіпсіз ортада білім алуына жағдай жасау, достық пен сыйластықты насихаттау мақсатында флешмоб ұйымдастырылды. - Біз бір-бірімізге қолдау көрсетеміз. - Буллингке жол жоқ! - Әр бала — құрметке, мейірімге лайық!	**https://www.facebook.com/share/v/1GLUb5sYSe/**
10	**«Ұстаздың еңбегі сөнбес!» сурет байқауы**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы «Мұғалімдер күнін мерекелеу тұжырымдамасына» сәйкес ұстаздардың мәртебесін көтеру, педагогтың қоғамдағы беделін арттыру және ұстаздарға алғыс білдіру мақсатында іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Сол жоспар аясында бүгін «Ұстаздың еңбегі сөнбес!» атты тақырыпта оқушылар арасында сурет байқауы ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті. Шәкірттердің шығармашылық еңбектері ұстазға деген құрмет пен алғыстың айқын көрінісіне айналды.	**https://www.facebook.com/share/p/1LR4GTK8S5/**
11	**ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҒАРЫП САЛУ КЕШІ!**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ұзақ жылдар бойы шәкірттерге тарих пәнінен сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келген ардақты ұстазымыз — Абдраиымова Ұлтай Асилханқызын зейнеткерлікке шығарып салу кеші өтті.	**https://www.facebook.com/share/v/17zaJKv4gX/**

		Іс-шара барысында әріптестері мен шәкірттері ұстазымыздың ұзақ жылғы еңбегін ерекше ілтипатпен атап өтіп, жылы лебіздері мен жүрекжарды тілектерін білдірді. Ұстаздық жол – ұлт болашағына бағыт беретін қасиетті жол. Кеше ғана жас маман атанған Ұлтай Асылханқызы бүгін сан ұрпақтың жүрегіне білім шырағын жаққан, абыройлы ұстаз, шәкірт есінде мәңгі сақталатын тұлғаға айналды. Сонымен қатар, 2002–2003 оқу жылының түлектері, яғни шәкірттері де ұстаздарына тосын сый жасап, ерекше құрмет көрсетті. Еңбегіңіздің жемісі – шәкірттеріңіздің жетістігі болсын! Зейнет жасыңыз құтты болып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық пен береке тілейміз!	
12	**"Желідегі Қауіпсіздік" челенджі!**	Интернет — білім мен мүмкіндіктің кең әлемі, бірақ қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір қолданушының басты міндеті. ✅Құпия сөздеріңді ешкімге жариялама! ✅Бөгде сілтемелерге кірмей тұрып ойлан! ✅Жеке ақпаратты (мекенжай, телефон, құжаттар) желіге салма! ✅Әдептілік пен мәдениетті сақтау – нағыз интернет мәдениеті! Қауіпсіз желі — бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз!	**https://www.facebook.com/share/r/1YqdrXUV82/**
13	**«Армысың, Алтын күз!» – «Күз ханшайымы – 2025» байқауы**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде дәстүрлі «Армысың, Алтын күз!» мерекелік іс-шарасы аясында «Күз ханшайымы – 2025» байқауы өтті. Жарқын өнерімен, тапқырлығымен және сәнімен көзге түскен қатысушылар арасынан үздіктер анықталды: 🏆Бас жүлде – Нұрлан Жансая Ералықызы (9 «А» сынып) 🥇I орын – Сулфатбай Әсем Омарқызы (8 «Б» сынып) 🥈II орын – Бағдат Нурила Ерланқызы (8 «А» сынып) 🥉III орын – Жумакельди Айлана Смадиярқызы (8 «Ә» сынып) 🎖Арнайы номинациялар иегерлері: • Кәдір Кубра Әбілсәмедқызы (9 «Д» сынып) • Жаңабай Назгүл Сапарқызы (8 «Д» сынып) • Ибадуллаева Мереке Шавкатқызы (8 «В» сынып) Барлық қатысушыларға шығармашылық шабыт пен жаңа жетістіктер тілейміз! Күздің көркі – жастың өнерінде!	**https://www.facebook.com/share/p/1LvcB7FMc1/**

14	**«Өнерлі ұстаз – 2025» байқауы**	2025 жылдың 17 қазан күні Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде шығармашылық пен өнер тоғысқан «Өнерлі ұстаз – 2025» байқауы өз деңгейінде өтті. Ұстаз – ұлт болашағын тәрбиелейтін тұлға ғана емес, өнер мен шабыттың иесі. Байқауға қатысқан педагогтер өз өнерін, шеберлігін, таланты мен тапқырлығын көрсете білді. Әділқазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар төмендегідей анықталды: 🥉 III орын – бастауыш сынып мұғалімі Адилова Ұлжалғас 🥈 II орын – орыс тілі пәнінің мұғалімі Тургунбаева Гүлчехра 🥇 I орын – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ибраймхан Айнұр 🏆 Бас жүлде – тарих пәнінің мұғалімі Зиманова Ерке Барлық жеңімпаз әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз! Зиманова Ерке аудандық кезеңге жолдама алып, мектебіміздің намысын қорғайтын болады.Шығармашылық шабыт пен сәттілік тілейміз!	https://www.facebook.com/share/p/1DDLa8gCnA/
15	**Республика күніне арналға спорттық сайыс, эстафета!**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде Республика күніне орай арнайы іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес 2025 жылдың 20 қазан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Хасан Санжар әріптесіміз кіші топ оқушыларымен қызықты эстафеталық ойын ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыру, ұйымшылдық пен достық рухын қалыптастыру. Балалар көңілді де белсенді ойындар арқылы мерекенің мәнін сезініп, бір-бірімен жарыса отырып жақсы көңіл күйде уақыт өткізді. Республика күні – ел бірлігі мен рухының символы!	https://www.facebook.com/share/p/1CHYGpkfLB/
16	**Республика күні «Жаса, жайна, Қазақстан!» атты салтанатты мерекелік іс-шара**	25 қазан — Республика күні! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде Республика күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны шырқалды. Бұл шараның мақсаты — оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу және патриоттық сезімдерін қалыптастыру болды.Жаса, жайна, Қазақстан!	https://www.facebook.com/share/v/19WW3Ex3nZ/

		«Жаса, жайна, Қазақстан!» атты салтанатты мерекелік жиын өтті! Балалардың туған жері мен елін сүюге, халқына құрметпен қарауға, Отанға деген патриоттық сезімдерін арттыру және Қазақстан Республикасының рәміздерін қадірлеу, қастерлеу мақсатында «Шардара» мектеп-лицейінде «Жаса, жайна, Қазақстан!» атты салтанатты мерекелік жиын өтті. Мерекелік іс-шараны мектеп-лицей директорының міндетін уақытша атқарушы Қалшабеков Сембай Лесбайұлы ашып, барша ұжымды және оқушыларды 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтады. Іс-шара барысында оқушылар патриоттық әндер шырқап, өлеңдер оқып, еліміздің жетістіктері мен бірлігін дәріптейтін көріністер қойды. Бұл мереке – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рух пен елге деген сүйіспеншілікті дарытатын маңызды шара болды. Жаса, жайна, Қазақстан! – Мәңгілік елдің жарқын болашағы! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде Республика күні мерекесіне орай барлық сыныптарда тәрбие сағаттары мен сынып сағаттары өз деңгейде ұйымдастырылып өтті. Бұл шаралар оқушылардың ел тарихына, тәуелсіздік құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттырып, отансүйгіштік рухын нығайтуды мақсат етті. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ортақ мақтанышымыз!	https://www.facebook.com/share/v/1JZhvRdJKp/ https://www.facebook.com/share/p/1C1th6y7sj/
17	**«Жас Ұлан» – ел болашағының алтын ұясы!**	Еліміздің нағыз патриоттарын, еңбекқор, білімге құштар, салт-дәстүрі мен адамзаттық құндылықтарын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу мақсатында құрылған Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы аясында «Шардара» мектеп-лицейінде салтанатты қабылдау жиыны өтті. Бұл күні үздік және үлгілі оқушыларымыз «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымдарының қатарына қабылданып, өз анттарын берді. Салтанатты рәсім барысында оқушылар елге адал қызмет етуге, Отанды сүюге және рәміздерді қастерлеуге ант етті.	

		Мектеп-лицей ұжымы жас ұландарды ұйым қатарына қабылдануымен құттықтап, олардың ел ертеңі ретінде үлкен жауапкершілік пен сенімді ақтайтын тұлға болып өсулеріне тілектестік білдірді. Құрметті жас ұландар! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болып, Қазақстанның жарқын болашағына өз үлестеріңізді қосыңыздар!	
18	**Оқушылардың күзгі демалыс іс-шаралар**	«Кітап – менің байлығым!» атты әдеби кездесу Қазақстандық оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында берілген 6 жоба аясында 2025 жылдың 27 қазаны мен 2 қарашасы аралығында іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес бүгін «Кітап – менің байлығым!» балалар кітапханасы жобасы аясында оқырмандармен мазмұнды кездесу өтті. Кездесудің мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқыған шығармаларын талқылау, және көркем әдебиетті оқу мәдениетін қалыптастыру болды. Іс-шараны мектеп кітапханашылары Б.Анарбаева мен Г.Сейдуллаева өз деңгейінде ұйымдастырып, балаларға пайдалы әрі қызықты бағыт-бағдар берді. Кітап – рухани байлықтың кілті! «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында мазмұнды кездесу өтті! Қазақстандық оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында берілген 6 жоба аясында 2025 жылдың 27 қазаны мен 2 қарашасы аралығына жоспарланған іс-шаралар жалғасын табуда. Бүгін сол жоспарға сәйкес «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында «педагог – бала – ата-ана» үштік одағының өзара байланысын нығайту, ұлттық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлердің маңызын түсіндіру мақсатында «Дебат» үйірмесінің жетекшісі Мадина Сатылғанова мазмұнды әңгіме жүргізді. Берекелі отбасы – бақытты қоғамның негізі!	**https://www.facebook.com/share/v/1LZBfeuEsc/** **https://www.facebook.com/share/p/1Diqx3yCxp/**

		«Өнегелі өмір» — эссе жазу байқауы Қазақстандық оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында берілген 6 жоба аясында 2025 жылдың 27 қазаны мен 2 қарашасы аралығында жоспарланған іс-шаралар өз жалғасын табуда. Бүгін жоспарға сәйкес мектеп-лицейімізде «Өнегелі өмір» тақырыбында оқушылар арасында эссе жазу байқауы өткізіліп, шығармашылық қабілетімен ерекшеленген үздік оқушылар марапатталды. Ұйымдастырушылар: үйірме жетекшілері Жамалхан Гаухар және Тілеуова Раушан. «Салауатты өмір салты – жарқын болашақ кепілі!» Қазақстандық оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында берілген 6 жоба аясында 2025 жылдың 27 қазаны мен 2 қарашасы аралығында жоспарланған іс-шаралар өз жалғасын табуда. Іс-шара жоспары аясында мектеп-лицейімізде «Денсаулықтың алты шарты: таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Үйірме жетекшілері мен оқушылар бірлесе отырып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын талқылап, пайдалы кеңестер мен үлгілі ойларымен бөлісті.	**https://www.facebook.com/share/r/1CLetqZYix/** **https://www.facebook.com/share/r/1MVKz69KV8/**
19	**«Заң мен тәртіп» тақырыбында әңгіме-сұхбат**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің №618 санды хатына сәйкес «Шардара» мектеп-лицейінде «Заң мен тәртіп» бағыты бойынша іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Аталған жоспарға сәйкес 2025 жылдың 6 қараша күні «Дебат» үйірмесінің жетекшісі Сатылғанова Мадина әріптесіміздің ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» тақырыбында әңгіме-сұхбат өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар заңды сақтау, құқықтық мәдениет пен тәртіптілік туралы өз пікірлерін білдіріп, ой алмасты. Әңгіме-сұхбат мазмұнды өтіп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға өз ықпалын тигізді.	**https://www.facebook.com/share/p/1Dbfu4rn8N/**

20	**«Мамандық әлеміне саяхат»**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің №618 санды хатына сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінің кәсіптік бағдар беру педагогы Амиралив Жандос оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында 2025 жылдың 30 қазан күні Шардара қаласының электр желілері мекемесіне экскурсия ұйымдастырды. Іс-шара барысында оқушылар мекеме қызметімен танысып, мамандармен сұхбаттасты. Сонымен қатар, Шардара электр желілерінің бас инженері Алайдаров Нұрлан және орталықтың еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі жетекші инженері Сахов Мейіржан ағайлар өз жұмыстарын таныстырып, оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығын арттырды.	https://www.facebook.com/share/p/16N2mW43n7g/
21	**«Дос болайық!»**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің №695 хатына сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінде «ДосболLIKE: достық қолын ұсын!» республикалық акциясы аясында 9 «Д» сынып оқушыларымен «Дос болайық!» атты тренинг өткізілді. Тренингтің негізгі мақсаты – оқушылар арасында өзара сыйластықты арттыру, бір-бірін тыңдау, қолдау көрсету және шынайы достықтың мәнін түсіндіру. Іс-шара барысында оқушылар түрлі психологиялық ойындар мен топтық тапсырмалар орындап, достық туралы өз ойларымен бөлісті. Балалардың белсенділігі жоғары болды, әрқайсысы өз қабілетін көрсетіп, жылы атмосфера қалыптасты. Іс-шара достықты нығайтуға, бірлік пен татулыққа бағытталды.	https://www.facebook.com/share/r/1MQPtAk5Yz/
22	**«Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» акциясы**	Мектеп-лицейіміздің Өзін-өзі басқару ұйымы «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» республикалық акциясына белсенді түрде қатысып, оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға адам құқықтарын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Акция аясында мына бағыттарға ерекше назар аударылды: 🔷Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру; 🔷Құқықтық сауаттылықты арттыру; 🔷Балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау; 🔷Зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын нығайту.	https://www.facebook.com/share/r/1DfUKo5x1G/

		Барлығымыз бірге қауіпсіз әрі мейірімді қоғам құруға үлес қосайық! **#БізЗорлықЗомбылыққаҚарсымыз** **#ҚауіпсізМектеп** **#БалалардыҚорғайық**	
23	**«Тәуелсіз елдің ұланы» эстафеталық сайыстар**	«Тәуелсіз елдің ұланы» эстафеталық сайыстар	**https://www.facebook.com/share/r/1K2zW3VtVL/**
24	**Аймақтық іс-шара**	Аймақтық семинар Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде әдіскерлер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, ата-аналар, сынып жетекшілер және оқушылардың қатысуымен әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, ана мен баланы қорғау, әйел-ананың рөлін нығайту, отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» республикалық акциясы аясында аймақтық семинар өз деңгейінде өтті. Іс-шараны мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет ашып, қатысушыларға семинардың маңыздылығын атап өтті. Семинар барысында мектеп-лицейдің медбикесі К. Игиликова «Ерте жүктіліктің зардабы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар, 7 «А» сынып оқушыларымен М. Сатылғанова жетекшілігімен «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Педагог-психолог А. Арын «Қыздарға әсемдік жарасады» атты психологиялық тренинг ұйымдастырып, қатысушыларға пайдалы кеңестер берді.	**https://www.facebook.com/share/p/1Fn8THbGJ1/**
25	**«Тәуелсіз елдің ұландары» мерекелік кеші**	Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтауға, Отанға деген патриоттық сезімдерін оятуға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қадірлеуге және қастерлеуге баулу мақсатында «Тәуелсіз елдің ұландары» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар патриоттық әндер орындап, ұлттық билер билеп, Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызына тоқталып, Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін дәріптеді. Мерекелік кеш жас ұрпақтың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, азаматтық жауапкершілігін нығайтуға ықпал етті.	**https://www.facebook.com/share/r/1BtR8Lz1eC/**

26	**Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойы**	«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!» Абай Құнанбаев Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай мектеп-лицейде тағылымы терең, мазмұны бай тәрбиелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Іс-шараға мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ахатова, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары С. Қалшабеков, сондай-ақ ата-аналар қатысты. Шараның ашылуында сөз сөйлеген мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет ата-аналарға, оқушыларға және сынып жетекшісі Жексенбаева Салтанатқа алғыс білдіріп, іс-шараның мазмұнды әрі өз деңгейінде ұйымдастырылғанын атап өтті.	**https://www.facebook.com/share/p/1DBQoByCSE/**
27	**«Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?» атты отбасылық оқу дәстүрі**	«Шардара» мектеп-лицейінде жүзеге асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?» атты отбасылық оқу дәстүрін насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Аталған шараға Ілесовтар отбасы, Шардара аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, Шардара ауданының Құрметті азаматы Қыстау Інайұлы, және саналы ғұмырын, тәлім-тәрбиесін шәкірт өміріне арнай білген Шардара ауданының Құрметті азаматшасы, ардагер ұстазымыз Жаңылай Зияшқызы немерелерімен бірге отбасында қалыптасқан кітап оқу дәстүрімен бөлісті. Отбасы мүшелері бірге кітап оқудың бала тәрбиесіндегі маңызы, кітаптың адам ой-өрісін кеңейтіп, рухани дамуға ықпал ететіні туралы өз ойларын ортаға салды. Бұл бастама жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.	**https://www.facebook.com/share/v/1EQ94CS33b/**
28	**“Кәсіптер әлемі”**	«Кәсіптер әлемі» викториналық ойын сабағы 2025 жылдың 26 желтоқсан күні мектеп-лицейімізде 3 «Ә» сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру педагогы Амиралиев Жандос және сынып жетекшісі Әбіл Гүлбану «Кәсіптер әлемі» тақырыбында викториналық ойын сабағын өткізді.	**https://www.facebook.com/share/p/1LnwMgntWz/**

		Сабақ барысында оқушылар әртүрлі мамандықтармен танысып, қызықты сұрақтар мен тапсырмалар арқылы өз білімдерін көрсетті. Викториналық ойын балалардың танымдық қабілетін арттырып, еңбекке деген қызығушылығын оятуға және болашақ мамандық туралы алғашқы түсінік қалыптастыруға ықпал етті.	
29	**Экскурсия**	СПК «Хамит» балық зауытына экскурсия 2025 жылдың 24 желтоқсан күні мектеп-лицейіміздің кәсіптік бағдар беру педагогы Амиралиев Жандос оқушыларды балық өнімдерін өндіру және өңдеу саласында қызмет атқаратын СПК «Хамит» кәсіпорнына экскурсияға апарды. Экскурсия барысында оқушылар табиғи су айдындарынан ауланған және өсірілген балықты қабылдау, өңдеу, сақтау және тұтынушыларға сапалы дайын өнім ретінде ұсыну үдерістерімен танысты. Сонымен қатар, балықты тазалау, өңдеу, мұздату және қаптау жұмыстарының кезеңдерін өз көздерімен көріп, өндірістің технологиялық ерекшеліктері туралы толық мағлұмат алды. Аталған экскурсия оқушылардың өндірістік кәсіпорындардың жұмысымен танысуына, еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар жөнінде түсінік қалыптастыруына және болашақ мамандық таңдауына оң ықпал етті. Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылардың қысқы демалыс кезеңіндегі бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Адал азамат» – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2025 жылғы 29 желтоқсан мен 2026 жылғы 7 қаңтар аралығына арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Аталған жоспарға сәйкес, мектеп-лицейдің кітапхана меңгерушісі Анарбаева Балжан оқушыларды аудандық өлкетану мұражайына экскурсияға алып барды. Саяхат барысында оқушылар тарихи жәдігерлермен, ұлттық мәдени мұралармен танысып, туған өлкенің тарихы туралы құнды мағлұмат алды. Экскурсия оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, тарихи санасының қалыптасуына оң ықпал етті. Танымдық іс-шарадан балалар көтеріңкі көңіл күймен оралды.	https://www.facebook.com/share/p/18ZuQDF9na/ https://www.facebook.com/share/p/1FJGYkEvfe/

		«Ізгілікке қадам тартқан жас ғұмыр» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылардың қысқы демалыс кезеңіндегі бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ізгілікке қадам тартқан жас ғұмыр» тақырыбында кітаппен өткен пайдалы демалыс іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында орта буын оқырмандары ата-аналарымен бірге үй жағдайында оқыған кітаптары жөнінде ой бөлісіп, өз пікірлерін ортаға салды. Бұл шара оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етті.	https://www.facebook.com/share/v/1CsQMxsWRj/
30	**«Кел, төрлет, Жаңа жыл» мерекелік іс-шара**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ерекше білімді қажет ететін балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында іс-шара өтті. Биылғы 2026 жыл – Жылқы жылы, сондықтан мектеп-лицейде қызықты ойындар ұйымдастырылып, балалардың достық қарым-қатынасын арттыруға және бірлікке тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді. Іс-шараға мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Э. Кулиева, ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева, арнайы педагог Қ. Нұржанова қатысып, балаларды мерекемен құттықтап, жаңа жылдық тәттілерден жасалған сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар, шағын концерттік бағдарлама көрсетіліп, балалар жақсы көңіл-күймен тарады.	**https://www.facebook.com/share/p/18isLdkhU5/**
31	**«Абыройлы еңбектен – құрметті зейнетке»**	Бүгін мектебімізде ерекше әрі әсерлі кеш өтті. Мектеп-лицейіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардақты ұстазымыз Абильдаева Гүлжамила апайымыз 61 жасқа толуына орай «Абыройлы еңбектен – құрметті зейнетке» тақырыбында зейнеткерлік демалысқа салтанатты түрде шығарып салынды. Кеш барысында шәкірттері мен бірлестік жетекшілері жүрекжарды лебіздерін білдіріп, ән шырқап, би билеп, арнау өлеңдерін оқыды. Ұстазға деген шексіз құрмет пен ыстық ықыласқа толы әсерлі сәттер көп болды.	**https://www.facebook.com/share/v/1BgtGj8622/**

		Ұстаздық жолдағы маңдай теріңіз бен өлшеусіз еңбегіңіз үшін алғысымыз шексіз! Деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық береке-бірлік тілейміз. Зейнеткерлік өміріңіз шаттық пен қуанышқа толы болсын!	
32	**"Мамандығым-мақтанышым!"**	"Мамандығым-мақтанышым!"	**https://www.facebook.com/share/v/1J2VYmPzJ5/**
33	**«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» халықаралық акциясы аясында іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шара әйелдер мен қыз балаларға қатысты кез келген кемсітушілікке, мазақ етуге, кекетуге, мұқатуға, әлімжеттілікке, сондай-ақ физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне жол бермеу, олардың алдын алу мақсатында өткізілді. Іс-шара барысында Халықаралық конвенция ережелеріне енгізілген өзгерістер түсіндіріліп, гендерлік теңдік, адам құқығы және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды. Акция аясында Шардара аудандық білім бөлімінің әдіскері Г. Шамеева арнайы қатысып, 6–7 сынып оқушыларымен кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға гендерлік зорлық-зомбылықтың түрлері, оның салдары және одан қорғану жолдары туралы маңызды ақпарат берілді.	**https://www.facebook.com/share/p/1dQ2cw5eQd/** **https://www.facebook.com/share/v/1HXknZ6ZwB/**
34	**5 ақпан – «Дүниежүзілік сайлау күні»**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 5 ақпан – Дүниежүзілік сайлау күніне орай дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға сайлау ұғымы, оның ерекшеліктері мен сайлану ережелері, Президенттік сайлау туралы мағлұмат беру, олардың саяси көзқарасын дамыту, сондай-ақ отансүйгіштікке тәрбиелеу. Дөңгелек үстел барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ой-пікірлерін ортаға салып, сайлау тақырыбы бойынша маңызды ақпараттармен танысты.	**https://www.facebook.com/share/p/1ELPhTZUvu/**
35	**14 ақпан- Халықаралық кітап сыйлау күні**	«Кітап сыйлау – рухани байлық сыйлау!»	**https://www.facebook.com/share/v/19ed3Qho11/**

		14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектеп-лицейімізде ерекше рухани шара өтті. Аудандық кітапхана қызметкерлері білім ордамыздың кітапханасына арнайы келіп, «Кітап сыйла» акциясы аясында оқырмандарымызға тарту жасап, құнды кітаптарды сыйға тартты. Кітап – адамзаттың асыл қазынасы, рухани азығы, білім мен парасаттың бастауы. Бір кітап – бір әлем. Ал сол әлемді сыйлау – үлкен жүректің, кең пейілдің белгісі. Акция барысында оқушылар кітаптың қадір-қасиеті туралы ой бөлісіп, оқуға деген қызығушылықтарын арттырды. Сыйға берілген әрбір кітап – жас ұрпақтың рухани дамуына қосылған үлкен үлес. Осындай игі бастамаға ұйытқы болған аудандық кітапхана ұжымына шынайы алғыс білдіреміз! Рухани байлық көбейе берсін, кітапқа деген сүйіспеншілік арта берсін! «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла!» атты тағылымды акция өтті. Кітап оқу – тұлғаның қалыптасуына әсер ететін, рухани дамуына жол ашатын маңызды құндылық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін ерекше атап өткен болатын. Расында да, кітап сыйлау – асыл қазына сыйлаумен тең. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған акцияның мақсаты – кітап мәртебесін көтеру, жастарды патриотизмге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалпыұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білімді де мәдениетті ұрпақ қалыптастыруға үлес қосу, сондай-ақ кітапхана қорын толықтыру. Акцияға мектеп басшылары мен ұстаздар белсенді қатысып, кітапхана қорына 21 дана құнды кітап тарту етті. Сыйға берілген басылымдар арнайы кітап бұрышына орналастырылып, оқырмандар игілігіне ұсынылды. Сыйға тартылған әрбір кітап – рухани байлықтың бастауы. Ол кітаптың ғұмырын ұзартып қана қоймай, оқырманның ой-өрісін кеңейтіп, оқу мәдениетін арттыруға ықпал етеді.	**https://www.facebook.com/share/v/19dJSsDQVV/**

		Акцияға белсене қатысып, мектеп-лицей кітапханасының қорын толықтыруға үлес қосқан барша жанға шынайы алғысымызды білдіреміз! Сіз сыйлаған әрбір кітап өз оқырманын табатынына сенімдіміз!	
36	**«Мен – болашақ Отан қорғаушымын» патриоттық сайыс**	2026 жылғы 19 ақпан күн Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» ұранмен Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл және Тәжік-Ауған қақтығысына 24 жыл толуына орай «Мен – болашақ Отан қорғаушымын» атты әскери-патриоттық сайыс өтті. Шараның шымылдығы Мемлекеттік Гимнмен ашылып, АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Жүрсінов мырзаның рапортымен басталды. Сайысқа арнайы қонақ ретінде Ауған соғысының ардагері, запастағы майор Сатпаев Қылыш және Тәжік-Ауған қақтығысының ардагері Қосаев Дандібай Өсерханұлы қатысып, жас ұландарға жігер берді. “Батырларға тағзым – ұрпаққа аманат” деп, мектеп-лицей директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәліқызы құттықтау сөз сөйлеп, бұл шараның жасөспірімдерді отансүйгіштікке тәрбиелеудегі маңызын атап өтті. Сайыс алаңы: Күш, ептілік және төзімділік мектеп-лицейіміздің 10-11 сынып оқушыларынан құралған төрт взвод (бөлімше) өзара бақ сынасты. Жарыс төрт кезеңнен тұрды: 1. «Кедергілерден өту» – оқушылардың жылдамдығы мен ептілігі сыналды. 2. «Эстафеталық ойын» – командалық бірлік пен жауапкершілік көрініс тапты. 3. «Ак-74 автоматын уақытқа шашып-жинау» – нағыз сарбаздарға тән шеберлік көрсетілді. 4. «Арқан тартыс» – ұлттық ойын арқылы білектегі күш пен жеңіске деген құштарлық байқалды. Өнер мен рух ұштасқан сәт тек спорттық емес, мәдени бағдарлама да жоғары деңгейде болды. 6 «А» сынып оқушылары Айша мен Фатиманың орындауындағы «Егеменді Қазақстан» әні, Дидардың «Батырлар ұраны» және Айсұлтан мен Айзеренің «Жаса, Қазақстан!» туындылары көрермендердің рухын асқақтатты. Ардагерлерге	**https://www.facebook.com/share/p/19hFMUH22n/**

		арналған жыр шумақтары мен жас ұландардың патриоттық лебіздері кештің сәнін келтірді. Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қазылар алқасы оқушылардың әскери дайындығына жоғары баға берді. Бұл күн – өскелең ұрпақтың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, ерлік пен елдіктің үлгісін көрсеткен айтулы оқиға ретінде есте қалды.	
37	**«Жақсылық жасап жарысайық!» челленджі**	Жақсылық – жүректен басталып, әлемді нұрға бөлейтін ұлы күш. Бүгінгі күні мектебімізде игі істерге үндейтін «Жақсылық жасап жарысайық!» челленджі қарқынды түрде жалғасуда. Әрбір жасалған жақсылық – бір жүрекке қуаныш, бір жанға үміт сыйлайды. Оқушыларымыз мейірімділік, қамқорлық, сыйластық сынды асыл қасиеттерді дәріптеп, айналасына жылулық таратуда. -Үлкенге – құрмет, -Кішіге – ізет, -Қоғамға – пайдалы іс. Бір игі іс – мың сауапқа бастар жол. Ендеше, жақсылық жасаудан шаршамайық, керісінше, жарысайық! Жақсылық жасай білейік! Жүректерге жылу сыйлайық! Ізгі істер эстафетасын жалғастырайық! **#ЖақсылықЖасапЖарысайық** **#МейірімдіЖүрек** **#ИгіІс** **#ШардараМектепЛицей**	**https://www.facebook.com/share/v/14sxGaDV5WU/** **https://www.facebook.com/share/v/1WT734Xny5/** **https://www.facebook.com/share/v/19q5Q1iNC7/** **https://www.facebook.com/share/v/19WSx1TrnU/**
38	**1 наурыз – Халықаралық алғыс айту күні**	**#АлғысАйтуКүні** **#Мейірімділік** **#РахметСөз** Құрметті ұстаздар, ата-аналар және сыныптастар! Біз, 2 сынып оқушылары, сіздерге шексіз алғысымызды білдіреміз! Сіздерге жақсы сөздер, мейірім мен қамқорлық үшін, әрдайым бізге қолдау көрсеткеніңіз үшін ризамыз! Бүгінгі мереке – рахмет айтатын, жақсылық жасайтын күн. Сіздерге денсаулық, бақыт, шығармашылық табыс және әрдайым көңілдеріңіз көтеріңкі болсын деп тілейміз! Рахмет сіздерге!	**https://www.facebook.com/share/v/1EsdH4gUPt/**

		1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ОҚУШЫЛАР ҰСТАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ! 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай мектеп-лицейімізде ерекше жылылыққа толы мерекелік шара ұйымдастырылды. Бұл күні оқушылар өздеріне білім мен тәрбие беріп жүрген ұстаздарына шынайы алғыстарын білдіріп, жылы лебіздері мен ақ тілектерін арнады. Әсем гүлдер мен жүрекжарды сөздер, әсерлі құттықтаулар мен шағын тосынсыйлар – барлығы да ұстаздарға деген құрметтің айқын көрінісі болды. Алғыс айту – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Осындай игі шаралар арқылы оқушылар бойында ізгілік, сыйластық, қамқорлық секілді құндылықтар нығая түседі. Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Құрметті ұстаздар, еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, шығармашылық шабыт тілейміз! Мейірім мен алғысқа толы күндер көп болсын!	https://www.facebook.com/share/v/1Hneef4sV3/
39	**АЛҒЫС АЙТУ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ!** **Ашық есік күні**	АЛҒЫС АЙТУ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ! Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «АЛҒЫС АЙТУ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ!» тақырыбында аудандық «Өзін-өзі басқару ұйымы» қала мектептерінің қатысуымен ашық есік күні өтті. Іс-шараның ашылу салтанатында мектеп-лицей басшысы Л. Құлмаханбет сөз сөйлеп, көктемнің алғашқы күні – 1 наурыз Алғыс айту мерекесімен құттықтап, барша оқушыларға ізгі тілегін арнады. Әр сөзінен мейірім мен шабыт сезілген басшы ұстаз алғыс айтудың адамгершілік пен парасаттылықтың белгісі екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, «Өзін-өзі басқару» ұйымының президенті Құдайберген Руслан да құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларды бір-біріне құрметпен қарап, ризашылық білдіруге шақырды. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырған мектеп-лицейіміздің аға тәлімгері А.Сманова және ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева әріптестеріміз. Шара соңында оқушылар мектеп-лицейдің сыныптарын аралап, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Алғыс айту – жүректен шыққан ізгілік. Жүректеріміз әрдайым мейірімге толы болсын!	https://www.facebook.com/share/p/1DQnrZSnqn/ https://www.facebook.com/share/r/19UPf74Pzc/

40	**«Вандализмге жол жоқ!» сурет байқауы өтті**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Вандализмге жол жоқ!» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты – оқушыларға қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру, вандализмнің қоғамға тигізер зиянын түсіндіру және жауапкершілік сезімін арттыру. Шара барысында оқушылар өз қиялдары мен шығармашылық қабілеттерін ұштастыра отырып, туған мектебіне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін бейнеледі. Суреттерде тазалық, тәртіп, қоғамдық орындарды қорғау, табиғатты аялау тақырыптары кеңінен көрініс тапты. Қазылар алқасы жұмыстардың мазмұндылығы мен көркемдік ерекшеліктеріне назар аударып, үздік жұмыстарды анықтады. Жеңімпаздар арнайы марапатталды. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін арттырып, мәдениетті қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Тазалық пен тәртіп – әрқайсымыздан басталады!	**https://www.facebook.com/share/p/1DCCkAQfaq/**
41	“Аялы алақаннан – биік шыңға” іс-шара	Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі, мейірімнің мәңгілік мекені. Ана алақанының жылуы мен әке қамқорлығы – баланың биік шыңдарға бастар алғашқы баспалдағы. "Шардара" мектеп - лицейінде өткен «Аялы алақаннан – биік шыңға» атты мерекелік кеш – ұрпақтар сабақтастығын, ата-ана мен бала арасындағы шынайы махаббатты, ұстаз бен шәкірт үндестігін айшықтаған ерекше рухани кеш болды. Кеш барысында сахна төрінде тек оқушылар ғана емес, олардың ата-аналары мен ата-әжелері бірге өнер көрсетіп, ән мен күй, поэзия мен монолог арқылы жүректерге жол тапты. Әр отбасының өнері – бір тағылым, бір өнеге, бір жүрек лүпілі. Әже мен немере, әке мен ұл, ана мен қыз, аға мен қарындас – барлығы бір сахнада тоғысып, отбасы құндылығының биік мәртебесін көрсетті. Домбыраның күмбірі, ананың әлдиі, әкенің өсиеті – бәрі де кештің шырайын аша түсті. Бұл кеш – ✨Мейірімнің мерекесі,	**https://www.facebook.com/share/v/1C18D3EuMj/**

		✨Тәрбиенің тағылымы, ✨Өнердің өрісі, ✨Ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі болды.	
42	«Әліппе – арманға жол ашты!	«Шардара» мектеп-лицейінде 1 «А» сынып оқушыларының «Әліппемен қоштасу» мерекелік концерті жоғары деңгейде өтті. Бұл ерекше мереке – бүлдіршіндердің мектеп табалдырығын аттағалы бері алған алғашқы білімдерінің жемісі. Бірнеше ай бұрын әріп тануды енді бастаған кішкентай оқушылар бүгін еркін оқып, жаза алатын деңгейге жеткендерін ән, би, тақпақтары арқылы паш етті. Мерекелік кеш барысында оқушылар «Әліппе» оқулығына арнаған жүрекжарды өлеңдерін оқып, білім әлеміне жол ашқан алғашқы кітаптарына алғыс білдірді. Сонымен қатар сахнада «Әліппе» мен «Ана тілі» кейіпкерлері көрініс көрсетіп, оқушыларды жаңа оқулықпен таныстырды. Кешке ата-аналар да белсенді қатысып, қызықты логикалық ойындарға жауап беріп, балалардың қуанышына ортақтасты. Оқушылар ұстаздарына алғыс айтып, әсем әндер орындап, мерекенің сәнін келтірді. «Әліппе» – білімнің бастауы, болашаққа бастар алғашқы баспалдақ. Осы баспалдақтан сенімді қадам жасаған бүлдіршіндерге жарқын болашақ, білім жолында үлкен жетістіктер тілейміз! Кішкентай оқушыларымызды алғашқы үлкен жеңістерімен құттықтаймыз! Сондай-ақ оқушыларға сапалы білім мен тәлім-тәрбие беріп жүрген сынып жетекшісі Абдухаликова Камшат әріптесімізге алғысымызды білдіреміз.	**https://www.facebook.com/share/v/1B3LhetAid/**
43	**“Мамандықтар айтысы”**	**#Oqu_agartu_ministrligi** **#Біртұтас_тәрбие_бағдарламасы_** **#Кәсіптік_бағдар_беру_** **#Мамандықтар_айтысы_** Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп – лицейі «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында 2025 жылдың 03 наурыз күні 4 «В» сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру педагогы Амиралив Жандос және Турсынбетова	**https://www.facebook.com/share/p/1F1cxcPnAo/**

		Гүлмира әріптестеріміз оқушыларға жұмысшы кәсіптерінің маңызын терең түсіндіру мақсатында «Мамандықтар айтысы» атты тақырыпта өз деңгейінде тәрбие сағатын өтті.	
44	**М.Мақатаев 95 жыл «Поэзия, менімен егіз бе едің?»**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде жас ұрпақтың бойына терең білім мен ұлттық құндылықтарды сіңіру, ана тіліне деген құрметті арттыру және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен ана тілінде» тақырыбында онкүндік өткізілуде. Онкүндік аясында ұлы ақынның шығармашылық мұрасын ұлықтап, оның өмір жолы мен жалынды жырлары арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық рух, отансүйгіштік сезім мен эстетикалық талғамды қалыптастыру мақсатында 8 «Б» сынып оқушыларымен пән мұғалімі Жексенбаева Салтанат қазақ поэзиясының мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына орай «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты әдеби-сазды тәрбие сағатын өткізді. Әдеби кеш барысында оқушылар Мұқағали жырларын мәнерлеп оқып, ақын өмірінен сыр шертетін әсерлі көріністер қойып, жүрекке жетер әндер орындады. «Қарасаздың қараша үйі», «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек! Райымбек!» поэмаларының желісімен қойылған сахналық көріністер көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Жыр сүйер қауым ақынның мөлдір поэзиясына тағы бір мәрте бойлап, Қарасаздан басталған қасиетті жырдың Хантәңірідей биік рухын сезінді. Мұқағали жырлары – ұлттың жаны, жүректің үні. Ақынның өзі айтқандай: «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!» Тәрбие сағатына мектеп директорының бейіндік оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары К. Тілеубергенова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі Демеуова Ғалия, пән мұғалімдері және ата-аналар қатысып, әріптесіміздің кәсіби шеберлігіне жоғары баға беріп, шығармашылық табыс пен толағай жетістіктер тіледі. Жыр – мәңгі, Мұқағали – мәңгі!	**https://www.facebook.com/share/p/1C3Ft5ondY/**

45	**8 наурыз Халықаралық әйелдер күні** **«Ана – өмірімнің шуағы» мерекелік кеш**	Көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында “Шардара” мектеп-лицейінде ерекше әсерлі, жүрекке жылу сыйлаған «Ана – өмірімнің шуағы» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектептің бітіруші түлектері аяулы ұстаздары мен ардақты ата-аналарын мерекемен шын жүректен құттықтап, әсем әндер айтып, әсерлі өлеңдер оқып, өз өнерлерін тарту етті. Оқушылардың шынайы ықыласы мен алғысқа толы сөздері кештің сәнін кіргізіп, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады. Мерекелік кештің басты мақсаты – ананың қадір-қасиетін дәріптеу, ұстаздарға құрмет көрсету және ата-аналарға деген алғыс сезімін білдіру болды. Жылы лебізге толы бұл кеш көпшіліктің жүрегінен орын алып, көтеріңкі көңіл күй мен ұмытылмас әсер қалдырды. Ана – әр шаңырақтың шуағы, отбасының тірегі. Ұстаз – білімнің шамшырағы, болашаққа жол сілтер тұлға. Барша аналар мен ұстаздардың мерекесі құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз.	**https://www.facebook.com/share/v/1C2U9Gm3dd/**
	«Қорғаушы періштем – АНА!»	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Қорғаушы періштем – АНА!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Ана – әрбір адамның өміріндегі ең қымбат жан. Ана – өмір сыйлаған, ақ сүтімен бойымызға мейірім мен адамгершілікті дарытқан асыл тұлға. Ана жүрегі – мейірімге толы, ал ананың ақ тілегі – баласының өмір жолындағы ең үлкен қорғаушысы. Сондықтан да әрбір ана – өз баласы үшін нағыз қорғаушы періште. Аталған тәрбие сағаты 3 «А» сынып оқушыларымен өткізілді. Сынып жетекшісі Шатаева Құндыз әріптесіміз оқушыларға ананың қадір-қасиетін түсіндіре отырып, мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара ұйымдастырды. Оқушылар анаға арналған өлеңдерін оқып, жүрекжарды тілектерін білдірді. Тәрбие сағаты барысында аналарға деген құрмет пен сүйіспеншілік дәріптеліп, оқушылардың бойында ізгілік пен мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру мақсат етілді.	**https://www.facebook.com/share/v/1Jxbikpvai/**

46	**“Мен қазақтың қызымын” атты дөңгелек үстел**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 9-сынып қыздары арасында «Мен қазақтың қызымын» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – қазақ қызына тән ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қыз баланың тәрбиесі, әдебі мен инабаттылығы туралы ой қозғау, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге баулу. Шара барысында оқушылар қазақ қызының бойында болуы тиіс инабаттылық, әдептілік, білімділік, мейірімділік, намысшылдық сияқты асыл қасиеттер жайында пікір алмасып, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, қазақ тарихында ерлігімен, ақыл-парасатымен танылған батыр да дана аналардың өнегелі өмірі сөз етіліп, олардың бойындағы асыл қасиеттер жас ұрпаққа үлгі ретінде айтылды. Пікірталас, сұрақ-жауап және шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар өз көзқарастарын білдіріп, қазіргі заманғы қазақ қызы қандай болуы керек деген маңызды тақырып төңірегінде ой қозғады. Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды құрметтеп, саналы әрі парасатты тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етеді. Іс-шараны ұйымдастырушы педагог Айгерім Базарбаеваға алғыс білдіреміз.	**https://www.facebook.com/share/p/19qZW32KiM/**
47	**Көрісу күні**	Көрісу күні құтты болсын! Бүгін мектеп-лицейімізде 14 наурыз – Көрісу күніне орай мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында ұлттық салт-дәстүріміз насихатталып, оқушылар мен ұстаздар бір-біріне ізгі тілектерін арнап, қазақы дәстүрге сай көрісу рәсімін жасады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған бұл мереке ұжымның бірлігін нығайтып, жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне оң әсерін тигізді. Баршаңызға амандық, шаңырақтарыңызға береке, елімізге тыныштық тілейміз! Іс-шараны ұйымдастырушы педагог А.Базарбаева мен аға тәлімгер А.Сманова ұйымдастырды.	https://www.facebook.com/share/v/1BzsDhscjA/

48	**15 наурыз – Қайырымдылық күні!**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Наурыз мерекесі Мемлекет басшысы 2026 жылы мақұлдаған «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес жаңартылған форматта атап өтілуде. Наурызнама онкүндігі аясында 2026 жылдың 13 наурыз күні Қайырымдылық күніне орай «Мейірімділік жүректен» атты акция ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті. «Мейірімділік жүректен» акциясы – қайырымдылық пен қамқорлықты дәріптеуге бағытталған маңызды әлеуметтік бастама. Оның басты мақсаты – қоғамда жанашырлық пен ізгілікті арттыру, адамдарды мейірімділікке үндеп, мұқтаж жандарға қолдау көрсету. Акция барысында әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға, қарттарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетілді. Аталған іс-шараның өз деңгейінде өтуіне мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы Қ. Мұсақұлова мен бастауыш сынып мұғалімі Д. Үсенбаева белсенді атсалысып, оқушылардың жүрегіне ізгілік пен қайырымдылықтың мәнін ұялата білді. Ізгілік пен мейірім – қоғамның басты құндылығы. Қайырымдылық жасау арқылы біз бір-бірімізге жылулық сыйлап, адамгершілік жолын нығайтамыз!	**https://www.facebook.com/share/p/1EtGZFrXkL/**
49		15 наурыз – Қайырымдылық күні! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Наурыз мерекесі Мемлекет басшысы 2026 жылы мақұлдаған «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес жаңартылған форматта атап өтілуде. Наурызнама онкүндігі аясында 2026 жылдың 13 наурыз күні Қайырымдылық күніне орай «Мейірімділік жүректен» атты акция ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті. «Мейірімділік жүректен» акциясы – қайырымдылық пен қамқорлықты дәріптеуге бағытталған маңызды әлеуметтік бастама. Оның басты мақсаты – қоғамда жанашырлық пен ізгілікті арттыру, адамдарды мейірімділікке үндеп, мұқтаж жандарға қолдау көрсету. Акция барысында әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға, қарттарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетілді.	**https://www.facebook.com/share/v/19vRHdEisZ/**

		Аталған іс-шараның өз деңгейінде өтуіне мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы Р.Алимбекова мен бастауыш сынып мұғалімі Ұ.Адилова белсенді атсалысып, оқушылардың жүрегіне ізгілік пен қайырымдылықтың мәнін ұялата білді.	
50	**16 наурыз -Шаңырақ күні**	16 наурыз – Шаңырақ күні! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Наурыз мерекесі Мемлекет басшысы 2026 жылы мақұлдаған «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес жаңартылған форматта атап өтілуде. Наурызнама онкүндігі аясында ұйымдастырылған Шаңырақ күні мектеп ұжымы мен оқушыларының белсенді қатысуымен мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Іс-шара барысында отбасы бірлігі, ұлттық дәстүр мен рухани құндылықтардың маңызы кеңінен насихатталып, оқушыларға шаңырақтың киелі ұғым екені түсіндірілді. Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ұлттық сана мен отбасы құндылықтарына деген құрметті нығайта түседі.	**https://www.facebook.com/share/v/19PFfcfNvK/**
51	**17 наурыз -Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күні**	17 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күні Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 17 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күніне орай 2-сынып оқушыларының қатысуымен «Ұлыстың ұлы күні – құтты болсын!» тақырыбында тәрбиелік мәні зор іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, халқымыздың мәдени мұрасын таныту және ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру. Мерекелік шара барысында оқушылар Наурыз туралы өлеңдер оқып, ән айтып, ұлттық ойындар ойнады. Сонымен қатар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы мағлұматтар беріліп, танымдық көріністер ұсынылды. Шара оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ұлыстың ұлы күні – береке мен бірліктің, жаңару мен жақсылықтың бастауы екені кеңінен насихатталды.	**https://www.facebook.com/share/v/18YfJtWe79/**

	18 наурыз-Ұлттық киім күні	18 наурыз – Ұлттық киім күні Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 18 наурыз – Ұлттық киім күніне орай мазмұнды әрі тағылымы мол іс-шара өтті. Ұлттық киім – ұлт айнасы, Дәстүр – тәрбие негізі - демекші, оқушыларымыз бен ұстаздарымыз ұлттық нақыштағы киімдерін киіп, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдени мұрасын дәріптеді. Іс-шара барысында ұлттық құндылықтардың маңызы түсіндіріліп, қазақ халқының бай мәдениеті мен әсем ұлттық киімдерінің ерекшеліктері кеңінен насихатталды. Бұл игі бастама жас ұрпақтың ұлттық рухын көтеріп, дәстүрге деген құрметін арттыруға зор ықпал етті. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.	**https://www.facebook.com/share/v/19KaJ6q2Gf/**
52	**19 наурыз -Жаңару күні**	19 наурыз – Жаңару күні! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 19 наурыз – Жаңару күніне орай игі іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған күннің мәні мен маңызын арттыру мақсатында білім ордасының аумағында кең көлемде тазалық жұмыстары жүргізіліп, тал егу, арықтарды тазалау шаралары жүзеге асырылды. Бұл жұмыстар қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға және оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Жаңару күні – табиғаттың жаңарып, тіршіліктің түлейтін шағы ғана емес, әр адамның өз-өзіне жаңа серпін беріп, жақсылыққа ұмтылатын ерекше кезеңі.	**https://www.facebook.com/share/p/19TyWkNNtK/**
53	**Қош келдің -Әз Наурыз**	«Қош келдің – Әз Наурыз» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің ұжымы «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» атты аудандық мереке аясында өткен «Қош келдің – Әз Наурыз» атты мерекелік шараға белсене қатысты. Мерекелік іс-шара барысында халқымыздың бата беру салт-дәстүрі кеңінен дәріптелді. Сонымен қатар, қазақтың қасиетті дәстүрлерінің	**https://www.facebook.com/share/p/1CbCm1zKZs/**

		бірі – бата беру рәсімі көрсетіліп, оның тәрбиелік мәні жан-жақты түсіндірілді. Аталған шара ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпақтың бойына рухани тәрбие мен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталды.	**https://www.facebook.com/share/v/1K3ENMPVrL/**
54	**20 наурыз-Ұлттық спорт күні**	20 наурыз – Ұлттық спорт күні Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 20 наурыз – Ұлттық спорт күніне орай мазмұнды мерекелік іс-шара өтті. Шара барысында ұлттық спорт түрлері кеңінен насихатталды. Оқушылар ұлттық ойындарға белсене қатысып, өздерінің ептілігі мен шапшаңдығын көрсетті. Іс-шара ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақтың бойында салт-дәстүрге деген құрмет пен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды.	**https://www.facebook.com/share/v/1Dgns7CmRb/**
55	**21 наурыз- Ынтымақ күні**	21 наурыз – Ынтымақ күні! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 21 наурыз – Ынтымақ күніне орай іс-шара ұйымдастырылды. Аталған күннің мәні мен маңызын арттыру мақсатында ұстаздарымыз түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін таныстырып, салт-дәстүрлерін дәріптейтін көріністер көрсетті. Сонымен қатар, ұлттық тағамдар көрмесі ұйымдастырылып, әр халықтың ерекшелігі насихатталды. Іс-шара барысында оқушылар достық, бірлік, татулық тақырыптарында өлеңдер оқып, ән айтып, би биледі. Бұл мереке арқылы жас ұрпақтың бойына елге деген сүйіспеншілік, өзара құрмет пен ынтымақ сезімдері сіңірілді. Ынтымақ пен бірлік – еліміздің басты құндылығы. Осындай игі шаралар арқылы ұлттар арасындағы достық нығайып, татулықтың тұғыры биіктей түседі.	https://www.facebook.com/share/p/1DwcGGyP4T/
56	**23 наурыз -Тазару күні**	23 Наурыз – Тазару күні! Наурызнама онкүндігінің бұл күні – тазалық пен жаңарудың, қоршаған ортаны аялаудың белгісі. Табиғатты қорғап, айналамызды таза ұстайық!	**https://www.facebook.com/share/v/19iFEzuzbi/**

		Тазалық – мәдениеттің белгісі, ал таза орта – жарқын болашақтың кепілі. Баршаңызды Тазару күнімен құттықтаймыз!	
57	**«Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» жас мамандар байқауы**	2026 жылдың 19 наурыз күні «Шардара» мектеп-лицейінде директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Телеубергенова Күнсаяның ұйымдастыруымен «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» жас педагогтердің VIII республикалық байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді. Аталған шара Шардара аудандық білім бөлімінің 2026 жылғы 5 наурыздағы №227 хатына сәйкес ұйымдастырылып, мектептің АКТ залында жоғары деңгейде өтті. Байқауға қатысушылар: • Бахарам Мадина • Талатова Рабия • Нургелді А. • Адильбеков С. • Сарбассова Г. 56• Лесбек Лаура Қазылар алқасы: Байқаудың әділ өтуін қамтамасыз ету мақсатында қазылар алқасы құрылып, оның құрамына: •Педагог-психологы Жумабаева Феруза, •директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенбаева А., •биология пәні мұғалімі Абдыкадирова А., •тарих пәні мұғалімі Келдібаева Г. Байқау барысы: Байқау барысында қатысушылар бірнеше кезең бойынша сынға түсіп, өздерінің: • кәсіби шеберлігін, • шығармашылық қабілеттерін, • заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдану деңгейін көрсетті. Педагог-психологы Жумабаева Феруза байқау соңында қатысушылардың жоғары дайындықпен келгенін атап өтіп, қорытынды нәтижелерді жариялады. Байқау нәтижелері:	**https://www.facebook.com/share/p/18WkLj5TGB/**

		• Бас жүлде: Нургелді А. • I орын: Талатова Рабия • II орын: Лесбек Лаура • III орын: Бахарам Мадина Қорытынды Іс-шара өз деңгейінде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті. Жас педагогтер өздерінің кәсіби деңгейін көрсетіп қана қоймай, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Қазылар алқасының шешімімен үздіктер анықталып, жеңімпаздар марапатталды.	
58	**«Жастар рухы» тақырыбында кездесу**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Жастар рухы» тақырыбында маңызды кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге «AMANAT» партиясының Шардара аудандық филиалының атқарушы хатшысы Б. Шомпиев, «Қызылжар» БПҰ төрағасы С. Лаханов, “Жастар ресурстық орталығы” КММ басшысының орынбасары М. Қасымов, мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, Тәжік-Ауған соғысының ардагері Д. Қосаев, ұйымдастырушы педагог А. Базарбаева және аға тәлімгер А. Сманова қатысты. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, белсенді азаматтық ұстанымды дамыту, сондай-ақ жастарды ел болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Кездесу барысында Б. Шомпиев жастарға қазіргі қоғамдағы белсенділіктің маңызы, білім мен еңбектің рөлі туралы мазмұнды ой қозғап, өз тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, еркін форматта сұхбат жүргізіліп, ашық пікір алмасу алаңы қалыптасты. Шара соңында оқушылар қонақтарға алғыс білдіріп, өз ой-пікірлерімен бөлісті.	**https://www.facebook.com/share/v/1DqejWHM4X/**
59	**2 сәуір — Халықаралық балалар кітабы күні!**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің директоры Құлмаханбет Лаззат Өмірәліқызы өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және балалар әдебиетінің қоғамдағы маңыздылығын	**https://www.facebook.com/share/p/1c4CSoune5/**

		насихаттау мақсатында кіші топ оқырмандарын 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күнімен құттықтады. Кітап – рухани қазына, білімнің қайнар көзі. Бұл айтулы күн жас ұрпақты кітап оқуға баулып, олардың ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды мереке.	
60	**"Қыздарға әсемдік жарасады" шаш өру челленджі**	Әсемдік пен нәзіктіктің символы – қазақ қызының көркі шашында! Осы орайда мектеп-лицейімізде "Қыздарға әсемдік жарасады" атты шаш өру челленджі ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қыз баланың бойындағы әдептілік, сұлулық пен ұқыптылықты насихаттау. Іс-шара барысында қатысушылар бір-бірінен асып түсіп, түрлі сәнді әрі ұлттық нақыштағы шаш үлгілерін көрсетіп, өз шеберліктерін паш етті. Ұзын бұрым – қыздың көркі екенін тағы бір дәлелдегендей болды. Ұлттық болмысымызды сақтай отырып, әсемдікті дәріптейік! Қыздарымыз әрдайым көрікті де көркем болсын! **#ШашӨруЧеллендж** **#ҚыздарғаӘсемдікЖарасады** **#ҰлттықҚұндылық** **#ӘсемҚыздар**	**https://www.facebook.com/share/r/1MnwyV18KM/**
61	**«Қыз қылығымен...»**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде қыз балалардың ұлттық тәрбие, әдептілік және заманауи көзқарас туралы пікірін анықтау мақсатында «Қыз қылығымен...» атты тақырыпта сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында оқушылар өз ойларын ашық білдіріп, қыз балаға тән инабаттылық, ізеттілік, ұқыптылық сияқты қасиеттердің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, қазіргі заман талабына сай білімді, саналы, өзіндік көзқарасы қалыптасқан қыз бейнесі де кеңінен талқыланды. Қыз – ұлттың айнасы, тәрбиенің бастауы! Әдепті, білімді, парасатты қыздар – жарқын болашақ кепілі! **#ҚызҚылығы** **#ҰлттықТәрбие** **#Әдеп**	**https://www.facebook.com/share/p/1DZFkwwTn4/**

62	**«Құқық бұзушылық және вандализм» тақырыбында дөңгелек үстел**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Құқық бұзушылық пен вандализмнің айырмашылығы» тақырыбында 10 «В» сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараны әлеуметтік педагог Алимбекова Раушан әріптесіміз жүргізіп, оқушылармен бірге аталған тақырып аясында мазмұнды пікір алмасу жүзеге асты. Дөңгелек үстел барысында құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ вандализмнің қоғамға тигізетін кері әсері кеңінен талқыланды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, құқықтық сауаттылықтарын арттыруға мүмкіндік алды. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар жас ұрпақтың заңға құрметпен қарауына, жауапкершілік сезімінің қалыптасуына ықпал етеді.	**https://www.facebook.com/share/p/19Vbb4hAF5/**
63	**Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен байлық**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 06.04.2026 жылғы №270 бұйрығына сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінде 2026 жылдың 06–10 сәуір күндері аралығында “Денсаулық және адам құқықтары” апталығы аясында "Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен байлық” атты тақырыпта түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектеп-лицейіміздің медбикесі Игиликова Күләш апай оқушыларға денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану және жеке гигиена ережелері туралы кең көлемде ақпарат берді.	**https://www.facebook.com/share/p/1AquTAjGYL/**
64	**“Салауатты өмір салтын ұстанамыз”**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 06.04.2026 жылғы №270 бұйрығына сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінде 2026 жылдың 06–10 сәуір күндері аралығында “Денсаулық және адам құқықтары” апталығы аясында “Салауатты өмір салтын ұстанамыз” тақырыбында түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектеп-лицейіміздің медбикесі Игиликова Күләш апай оқушыларға салауатты өмір салтын сақтау, дұрыс тамақтану, жеке гигиена ережелері және дене белсенділігінің маңызы туралы кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өздеріне пайдалы ақпарат алып, денсаулықты сақтау – басты құндылық екенін түсінді.	**https://www.facebook.com/share/p/19Vbb4hAF5/**
65	**“Таза Қазақстан”**	«Таза Қазақстан – біздің ортақ жауапкершілігіміз!»	**https://www.facebook.com/share/v/1BtEztMq3K/**

66	**“Ғарышқа ізін салған қыран қазақ”**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде кітапханашы Анарбаева Балжан әріптесіміз 6 “А” сынып оқушыларымен “Ғарышқа ізін салған қыран қазақ” тақырыбында тағылымы мол іс-шара өткізді. Іс-шара барысында оқушыларға қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, олардың ерлігі мен ел тарихындағы маңызы кеңінен таныстырылды. Оқушылар ғарыш әлемі туралы тың мәліметтер алып, өз ойларын ортаға салды. Шараның басты мақсаты – оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттыру, ғылымға деген қызығушылығын ояту және ел мақтанышына айналған тұлғаларды дәріптеу.	**https://www.facebook.com/share/v/1K8p5WGC23/**
67	**Шыныққан -шымыр боласың**	«ШЫНЫҚСАҢ – ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөлімінің 06.04.2026 жылғы №270 бұйрығына сәйкес, «Шардара» мектеп-лицейінде 2026 жылдың 06–10 сәуір күндері аралығында “Денсаулық және адам құқықтары” апталығы аясында бүгін мектеп оқушылары арасында «Шыныққан – шымыр боласың!» атты эстафеталық жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жарыс – салауатты өмір салтын насихаттап, оқушылардың бірлігін, шымырлығын және белсенділігін арттырды.	**https://www.facebook.com/share/r/19qL1s81Yx/**
68		«Достық пен сүйіспеншілік» Аймақтық семинар 2026 жылдың 15 сәуір күні «Шардара» мектеп-лицейінде аудандық білім бөлімінің №276 хаты негізінде ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Достық пен сүйіспеншілік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: ерте жүктіліктің алдын алу, кәмелетке толмағандардың денсаулығын сақтау, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік мінез-құлық нормаларын сіңіру, балалардың мейірімділігін қалыптастыру және қоғамның құндылықтық қатынастарын дамыту. Аймақтық семинарға аудандық білім бөлімінің әдіскері Г. Қарасайқызы, аудандық акушер-гинеколог маманы А. Ерболатқызы, сондай-ақ М.Әуезов, Жаушықұм мектеп-лицейі, М.Горький,	**https://www.facebook.com/share/r/17eZ8tKyzB/**

		Б.Соқпақбаев, Қ.Аманжолов атындағы жалпы білім беретін мектептер, №12 және №3 мектептер, «Айбілім», С.Құрманғазы атындағы мектептердің 9–10 сынып оқушылары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары мен сынып жетекшілері қатысты. Дөңгелек үстелді «Шардара» мектеп-лицейінің директоры Л. Құлмаханбет ашып, қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде оқушыларды сапалы білім мен саналы тәрбие алуға шақырып, әр адамның өмірі қымбат екенін атап өтіп, болашақта қателікке бой алдырмауға үндеді. Іс-шара барысында тақырып аясындағы өзекті мәселелер көтеріліп, жан-жақты талқыланды. Оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, өмірлеріне қажетті маңызды әрі құнды кеңестер алды. «Ұл тәрбиелей отырып – жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз» демекші, ұл-қыздарымыз аман болып, жарқын болашақтың иесі болсын!	
69	**23 сәуір – Ұлттық кітап күні**	Кітапханаға «Кітап сыйлау» акциясы «Шардара» мектеп-лицей кітапханасында оқушыларды көркем әдебиетке баулу, балалар әдебиетінің тәрбиелік мәнін арттыру, мектеп, кітапхана және ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай «Артық білім – кітапта» атты кітап апталығының онкүндік аясында «Кітап сыйла!» атты қайырымдылық акциясының ашылу салтанаты өтті. Шараның негізгі мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітапхана қорын толықтыру және рухани құндылықтарды кеңінен насихаттау. Іс-шараға мектеп директоры Л.Ө. Құлмаханбетқызы қатысып, құттықтау сөз сөйледі: «Кітап – жас ұрпақтың рухани дамуына бағыт беретін баға жетпес қазына. Осындай игі бастамаларды қолдау – болашаққа жасалған үлкен қадам. Барша оқырмандарды акцияға белсенді қатысуға шақырамын!» – деп атап өтті. Акция аясында Г. Сахова апайымыз оқушыларымен бірге мәнерлеп өлең оқып, шараның мазмұнын байытып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.	**https://www.facebook.com/share/v/1C319h1GJy/** **https://www.facebook.com/share/v/19X2TPAj41/** **https://www.facebook.com/share/v/1AzZiEZQ7j/** **https://www.facebook.com/share/v/1BUJkTruFA/** **https://www.facebook.com/share/v/1HGotEhwdB/**

		Іс-шараны ұйымдастыруға кітапхана меңгерушісі Б. Анарбаева мен кітапханашы Г. Сейдулаева белсене атсалысты. Олар кітапхана саласындағы адал еңбектері арқылы жас оқырмандарды кітап оқуға баулып, рухани дамуына үлес қосып келеді.	
70	**«Әйелге құрмет – қоғамның даму деңгейінің көрсеткіші»**	«Аманат» партиясы Әйелдер қанаты Тақырыбы: «Әйелге құрмет – қоғамның даму деңгейінің көрсеткіші» Қазіргі таңда қоғамның өркендеуі мен тұрақты дамуы – әйел мәртебесінің жоғарылауымен, оның қоғамдағы белсенді рөлімен тығыз байланысты. Әйелге деген құрмет – тек отбасының емес, тұтас мемлекеттің мәдениеті мен парасатының айқын көрінісі. Осы бағытта Қазақстандағы жаңа саяси мәдениет аясында әйелдердің қоғамдағы орнын нығайту, олардың құқықтарын қорғау және мүмкіндіктерін кеңейту – маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу, жастар арасында өзара сыйластық пен теңдік қағидаларын қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Аталған мақсатта «Шардара» мектеп-лицейінде ұйымдастырылған бұл іс-шара білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға, оқушылардың бойында зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға және гендерлік теңдік құндылықтарын дәріптеуге бағытталған. Іс-шараға аудандық білім бөлімінің әдіскерлері, «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының мүшелері, мектеп басшылығы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, мектеп психологтары, сынып жетекшілер, сондай-ақ Аналар мен Әкелер алқасының өкілдері қатысуда. Бұл кездесу – тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы өзекті мәселелерді бірлесіп талқылап, ортақ шешімдер табуға бағытталған маңызды диалог алаңы. Әйелге құрмет – ұлтқа құрмет. Ал ұлтқа деген құрмет – жарқын болашақтың кепілі.	**https://www.facebook.com/share/v/1NCNyvBgxK/**
71	**«Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалар**	«Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалардың облыстық байқауы Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінің оқушылары «Менің Отаныма – менің	https://www.facebook.com/share/v/1EN6on9HLp/

		бастамам» атты шығармашылық жобалардың облыстық байқауына қатысуда. Аталған байқау – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және туған елге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған маңызды іс-шара. Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың тың идеяларын қолдау, олардың бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру және 70қоғамға пайдалы жобаларды насихаттау. Қатысушылар өз жобалары арқылы туған өлкенің дамуына үлес қосу жолдарын ұсынады. Бұл байқау білім алушылардың ізденімпаздығын арттырып, шығармашылық ойлау қабілетін дамыта отырып, ел болашағына бей-жай қарамайтын белсенді тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, «Қазақстанның жеті кереметі» номинациясы бойынша 9 «В» сынып оқушысы Исабай Аяулым Ержанқызы өз жобасын ұсынуда.	https://www.facebook.com/share/v/18M7MNZGSt/ https://www.facebook.com/share/v/16DJuZEpcBu/ https://www.facebook.com/share/v/1RW3fwzF2g/ https://www.facebook.com/share/v/17zTN4nXNi/
72	**“Ерлікке тағзым-ұрпаққа үлгі”**	«Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 7 мамыр – Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шаралар жоспары құрылып, жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Жоспар аясындағы іс-шаралар 2026 жылдың 4 мамыр күні таңертең сынып сағаттарымен бастау алып, «Мен батырдың ұрпағымын» атты шығарма, эссе жазу байқауымен жалғасын тапты. Бұл шаралардың басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік рухты қалыптастыру, ел қорғаған батырлардың ерлігін дәріптеу және тарихи жадыны жаңғырту. Атап айтқанда, 11 «В» сыныбында сынып жетекшісі Д. Даниярова ұйымдастырған сынып сағаты мазмұнды әрі тағылымды өтті. Сонымен қатар, 8 «Б» және 9 «Г» сыныптарында Г. Демеуова мен Г. Мусаева жетекшілігімен «Мен батырдың ұрпағымын» тақырыбында эссе жазу байқауы ұйымдастырылып, оқушылар өз ойларын әсерлі жеткізе білді. Іс-шара барысында оқушылар ел қорғаған ерлердің ерлігін үлгі етіп, өздерінің Отанға деген сүйіспеншіліктерін шығармашылық	**https://www.facebook.com/share/p/19YnKjDbdQ/**

		жұмыстар арқылы айқын көрсетті. Мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың рухын көтеріп, елжандылық қасиеттерін нығайтуға зор ықпал етеді.	
	«Ұлыларға тағзым» және «Жас Ұлан» салтанатты жиын	«Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік» тақырыбында тәрбие сағаты 2026 жылдың 6 мамыр күні 6 «В» сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Рахмет Гүлмира әріптесіміздің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс мерекесіне арналған «Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік» атты тағылымы мол тәрбие сағаты өз деңгейінде өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіру, батыр бабалардың ерлігін үлгі ету, елін-жерін қорғаған жауынгерлерге құрмет сезімін қалыптастыру және тарихи сананы нығайту болды. Іс-шара барысында оқушылар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік пен батырлық туралы мәліметтер айтып, патриоттық өлеңдер оқып, әндер орындады. Сонымен қатар, ел қорғаған батырлардың өмір жолы таныстырылып, олардың жанқиярлық ерлігі жайында кеңінен айтылды. Оқушылар соғыс ардагерлерінің ерлігін дәріптеп, бейбіт өмірдің қадірін түсінуге бағытталған әсерлі көріністер көрсетті. Тәрбие сағаты оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, ел қорғаған ерлерге деген құрметін нығайтқан мазмұнды әрі тәрбиелік маңызы зор іс-шара болды. «Ұлыларға тағзым» және «Жас Ұлан» салтанатты жиын Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 7 мамыр – Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шаралар жоспары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Осы жоспар аясында бүгін мектеп-лицейде ҚР Қарулы Күштерінің құрылған күні мен Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «Ұлыларға тағзым» атты әсерлі концерттік бағдарлама және «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өздеңгейінде ұйымдастырылды.	**https://www.facebook.com/share/r/19bfgrQvFs/** **https://www.facebook.com/share/p/14vM8LCmvdn/**

		Шара барысында елін қорғаған батырлардың ерлігі дәріптеліп, олардың рухына тағзым жасалды. Оқушылар патриоттық әндер шырқап, көркем әдеби қойылымдар арқылы отансүйгіштік сезімдерін айқын көрсетті. Салтанатты жиында «Жас Ұлан» қатарына қабылданған оқушылар ел болашағына деген жауапкершілікті сезініп, Отанға адал қызмет етуге ант берді. Ерлік – ұрпаққа үлгі, тарих – тағылым! Жас Ұлан – ел ертеңінің сенімді тірегі! Отанға деген сүйіспеншілік – әр жүректің мәңгілік үні!	
73		“Таза Қазақстан” республикалық экологиялық акциясы жалғасуда! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде “Таза Қазақстан” республикалық экологиялық акциясы аясындағы тазалық жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Акцияның мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жас ұрпақтың туған жерге деген жанашырлық сезімін арттыру. Іс-шара барысында мектеп ауласы мен айналасы тазартылып, қоқыстар жиналды, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар мен ұстаздар тазалық жұмыстарын ұйымшылдықпен атқарып, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығын көрсетті. Тазалық – әр адамның мәдениеті мен жауапкершілігінің айқын көрінісі. Сондықтан табиғатты қорғау мен қоршаған ортаны таза ұстау – баршамыздың ортақ міндетіміз.	**https://www.facebook.com/share/v/1Aipd9KJ3X/**
74	**Эстафеталық жарыстар**	Салауатты өмір салтын қалыптастыру - еркін жүрудің маңызы Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру және денсаулығын нығайту мақсатында мазмұнды әрі әсерлі ашық сабақ өтті.	**https://www.facebook.com/share/p/1ByFUgEDYu/**

		Аталған тағылымды шара дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәндері бірлестігінің 2026 жылғы 27 сәуір – 6 мамыр аралығына жоспарланған онкүндігі аясында ұйымдастырылды. Сабақ 2 «Д» сынып оқушыларымен өткізіліп, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Утеев Бауыржан кәсіби шеберлігін жоғары деңгейде көрсетті. Сабақ барысында оқушылар еркін жүру әдісінің денсаулыққа пайдасын тәжірибе жүзінде меңгеріп, белсенділік пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бұл сабақ оқушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың сергек өмір салтына деген қызығушылығын арттырды. Денсаулық – баға жетпес байлық, ал қозғалыс – оның кепілі. Әрбір қадам – салауатты өмірге бастар сенімді жол!	
75	**“Отты жылдар жаңғырығы”**	«Отты жылдар жаңғырығы» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығына орай «Отты жылдар жаңғырығы» атты тағылымды іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру, батыр бабалардың ерлігін ұлықтау және бейбіт өмірдің қадірін түсіндіру. Мектеп оқушылары соғыс жылдарындағы ауыр кезеңдерді сахналық көріністер арқылы бейнелеп, патриоттық әндер орындады. Сонымен қатар, майдангерлердің ерлігі туралы өлеңдер оқылып, тарихи деректер кеңінен насихатталды. Шара барысында оқушылар ата-бабаларымыздың жанқиярлық ерлігіне тағзым етіп, Отан алдындағы жауапкершіліктің маңызын терең сезінді. «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» демекші, мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жас ұрпақтың рухын көтеріп, елін, жерін сүюге баулиды.	**https://www.facebook.com/share/v/19tjLrUQwW/**
76	**15 мамыр-Халықаралық отбасы күні**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай 8 «Б» сыныбында «Жанұя – жанға сая, алтын бесік!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.	https://www.facebook.com/share/p/1DTmudFVZG/

		Іс-шараның мақсаты – отбасындағы қарым-қатынастың беріктілігін нығайту, ұрпақтар сабақтастығын дамыту, отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-ананы, туыстары мен жақындарын бағалау және құрметтеу сезімдерін қалыптастыру, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікті арттыру. Тәрбие сағатын сынып жетекшісі Жексенбаева Салтанат әріптесіміз өз деңгейінде ұйымдастырып өткізді. Сабақ барысында оқушылар отбасының адам өміріндегі маңызы туралы ой бөлісіп, өз өнерлері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Тағылымы мол іс-шара оқушыларға отбасы құндылықтарын терең түсінуге мүмкіндік берді.	
77	**“Бақытты отбасы-бақытты ел” “Әкем -тірегім, анам-жүрегім” спорттық іс-шара**	«Бақытты отбасы – бақытты ел» «Әкем – тірегім, анам – жүрегім!» спорттық іс-шарасы «Шардара» мектеп-лицейінде 2026 жылы 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін ұйымдастыру алгоритмі «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасы аясында жоспарланып, бекітілген іс-шаралар негізінде «Бақытты отбасы – бақытты ел» тақырыбында «Әкем – тірегім, анам – жүрегім!» атты спорттық іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және отбасылық бірлікті арттыру. Спорттық сайыс барысында ата-аналар мен оқушылар түрлі қызықты эстафеталық ойындарға қатысып, белсенділік пен ұйымшылдық танытты. Қатысушылар көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, отбасылық татулық пен бірліктің жарқын үлгісін көрсетті. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға ерекше әсер мен қуаныш сыйлады.	https://www.facebook.com/share/p/1FD65mSgRZ/
78	**“”Абыройлы еңбек-бақытты зейнет” Зейнеткерлікке шығарып салу іс-шарасы**	«Абыройлы еңбек - бақытты зейнет» Құрметті Калшабеков Сембай Лесбаевич! Сіз - саналы ғұмырыңызды шәкірт тәрбиесіне арнап, мектептің мәртебесін көтеруге өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаз, білікті басшы, тәртіп пен талаптың символына айналған ерекше жансыз. Алғашқы әскери дайындық пәнін үлкен жауапкершілікпен оқытып, қаншама жас буынға елге деген сүйіспеншілікті, тәртіпті,	https://www.facebook.com/share/p/1EHXDB9hPB/

		батылдықты, сабыр мен намысты үйреттіңіз. Әр сөзіңіз байыппен айтылатын, әр ісіңіз өнеге болатын. Қаталдықтың ар жағында үлкен жүрек, шынайы жанашырлық жатқанын сізбен қызметтес болған әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз жақсы біледі. Директордың бейіндік бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметінде де ұжымға бағыт-бағдар беріп, мектептің дамуына үлкен еңбек сіңірдіңіз. Сіздің салмақты мінезіңіз, әділдігіңіз, талапшылдығыңыз – көпшілікке үлгі. Еңбек жолыңыздың әр күні – абырой мен адалдықтың айғағы болды. Енді міне, зейнеткерлік атты жаңа белеске қадам басып отырсыз. Бұл – тоқтау емес, еңбектің жемісін көріп, бейнеттің зейнетін тататын алтын кезең. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт, немере-шөберенің қызығын көруді тілейміз! Әрдайым абырой биігінде жүре беріңіз! «Еңбек жолы — өнеге жолы» Құрметті Медетова Кундызайхан Керимшеевна! Сіз - ұзақ жылдар бойы мектептің тыныс-тіршілігіне жауапкершілікпен қарап, ұжымның берекесі мен тазалығы үшін аянбай еңбек еткен жансыз. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қызметінде жүріп, әр істің тиянақты болуына, мектептің әр бұрышының таза әрі жайлы болуына үлкен үлес қостыңыз. Сіздің еңбекқорлығыңыз, ұқыптылығыңыз, талапшылдығыңыз – баршаға үлгі болды. Мектептің тазалығы мен тәртібіне бейжай қарамай, әр дүниеге жанашырлықпен қарауыңыз – сіздің кәсібилігіңіз бен адамгершілігіңіздің белгісі. Сізбен бірге қызмет еткен әріптестеріңіз сіздің ақжарқын мінезіңізді, қамқор көңіліңізді, еңбекке деген адалдығыңызды әрдайым ерекше ықыласпен еске алады. Зейнеткерлік – бұл еңбектің аяқталуы емес, өмірдің жаңа, шуақты кезеңінің басталуы. Ендігі жерде бала-шағаның ортасында шаттыққа бөленіп, денсаулықпен, қуанышпен ғұмыр кешіңіз! Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық, көңіліңізге шаттық тілейміз! Еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым құрметке бөлене беріңіз!	https://www.facebook.com/share/p/1C4h1MAPVm/

79	**“Өнер әлемі” челлендж**	Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мектеп оқушылары арасында «Өнер әлемі» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Челлендждің басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, өнерге деген қызығушылығын арттыру, жас таланттардың бойындағы дарынды дамыту. Челлендж барысында оқушылар ән айтып, би билеп, көркем сөз оқып, актерлік шеберліктерін көрсетті. Өнер арқылы эстетикалық талғам қалыптастырып, ұлттық және әлемдік өнер құндылықтарын дәріптеуге бағытталған шара жас ұрпақтың сахна мәдениетін меңгеруіне, өз-өзіне деген сенімін нығайтуына ықпал етті. Өнер – рухани байлықтың бастауы.	https://www.facebook.com/share/p/19XbuWd5hA/
80	**Музейге саяхат**	«Тарихи-өлкетану музейіне саяхат» Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында және 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жоспарлы іс-шаралар өткізілуде. Осы жоспар аясында мектеп оқушылары Шардара аудандық тарихи-өлкетану музейіне барып, экспозициялармен танысты. Саяхат барысында оқушылар туған өлкенің тарихы, мәдени мұрасы мен белгілі тұлғалары жайлы мәліметтер алып, тарихи жәдігерлерді көріп, өлкетанулық білімдерін тереңдетті. Іс-шараның мақсаты - жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, тарихи санасын күшейту және мәдени құндылықтарға құрметті арттыру. Мектеп-лицей әкімшілігі мұндай танымдық сапарлар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, азаматтық жауапкершілік пен рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.	https://www.facebook.com/share/p/1DYhCcMSJq/
81	**Соңғы қоңырау іс-шарасы**	«Заң және тәртіп – халықтық Конституция құндылықтары» «Соңғы қоңырау – 2026» салтанатты іс-шарасы Соңғы қоңырау – қоштасу емес, жарқын болашаққа бастар жаңа қадам!	https://www.facebook.com/share/v/1HxzuM5oL2/ https://www.facebook.com/share/v/1C16wHwkM3/

82	**1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні**	Балаларға қуаныш сыйлаған игі іс 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге ерекше қуаныш сыйланды. Жеке кәсіпкер Боранбаев Шәкен ағайымыз балаларға балмұздақ пен тәтті сусындар таратып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Балғындардың жүзіндегі шат күлкі мен қуанышқа толы көңіл-күй - жасалған жақсылықтың айқын көрінісі болды. Осындай қайырымды ісімен өскелең ұрпаққа қамқорлық танытып, балалар мерекесінің сәнін келтірген Шәкен ағайымызға шынайы алғысымызды білдіреміз. Жақсылық жасау - жүректің жылуы. Балаларға қуаныш сыйлаған әрбір игі іс сауап пен берекеге толы болсын! **#БалалардыҚорғауКүні** **#Қайырымдылық** **#ЖазғыСауықтыруАлаңы** **#БалаларБақыты** **#ШардараМектепЛицейі**	https://www.facebook.com/share/p/1KFz2tBjdW/ https://www.facebook.com/share/v/1Ad3rvjcRQ/
83	**Мемлекеттік рәміздер күні**	Мемлекеттік рәміздер - ел мақтанышы! Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай жазғы сауықтыру лагерінің тәрбиеленушілері мен ұстаздары салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындады. Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен мақтаныш сезімін арттыру. Гимнді бірлесе орындау барысында қатысушылар елге деген сүйіспеншіліктерін білдіріп, тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен құндылықтарын дәріптеді. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран – еліміздің егемендігі мен бірлігінің нышаны. Рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Еліміздің көк байрағы әрдайым биікте желбіреп, Әнұранымыз асқақтай берсін!	https://www.facebook.com/share/v/1C2sJYdhXG/ https://www.facebook.com/share/p/1JL4uLnjxd/

Дайындаған: А.Базарбаева